

2022 – 2023 оқу жылында дефектолог А.Дауітованың

атқарылған жұмыстардың жылдық

ЕСЕБІ

2022–2023 оқу жылына арналған арнайы педагогтың мақсаты

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау және жеке мүмкіндіктерін барынша дамыту және білім алуға мүмкіндік беру.

Нақты мақсаттар:

- Балалардың психологиялық-педагогикалық даму деңгейін анықтау және бастапқы диагностика жүргізу.
- Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыс әзірлеу және іске асыру.
- Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету және байланыстырып дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту.
- Танымдық процестерді (зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау) дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.
- Ұсақ және жалпы моториканы жетілдіру арқылы баланың жалпы дамуына ықпал ету.
- Оқу дағдыларын (оқу, жазу, санау) қалыптастыру және жетілдіру.
- Балалардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту және топпен жұмыс жасауға бейімдеу.
- Ата-аналарға кеңес беру, оларды түзету жұмысына тарту және үй жағдайында қолдау көрсету жолдарын үйрету.
- Педагогтармен бірлесіп жұмыс жүргізу, әдістемелік көмек көрсету.
- Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесін жүйелі бақылау, мониторинг жүргізу және талдау.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша және ПМПК-ның шешімінің негізінде, арнайы педагогтың түзете-дамыту сабағына 54 оқушы тізімге алынды.

Ұйымдастырушылық бағыт бойынша қыркүйек айында

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында дефектолог кабинеті талапқа сай дайындалды. Жылдық, күнтізбелік және сабақ жоспарлары құрылды. Оқушыларға диагностикалық зерттеу жүргізіліп, арнайы педагог сабақтарына қатысатын оқушылар тізімі жасақталды. Жеке және топтық сабақ кестесі бекітілді. Қажетті құжаттар мен дидактикалық материалдар дайындалды. Әр оқушы бекітілген сабақ кестесі бойынша аптасына 2 рет келеді. Әр жеке сабақ 20-25

минут аралығында өтеді. Бекітілген 51 оқушыға түзете-дамыту бағдарламасы жасалынды. Түзету сабақтары сабақтан тыс кезінде өткізіледі.

Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және педагогикалық қолдаудың мазмұнын анықтау

Жыл басында оқушылардың даму деңгейі мен қажеттіліктері жан-жақты зерттелді. Сабақ барысында бақылау жүргізіліп, ата-аналармен сұхбат және сауалнама алынды. Әр оқушыға жеке жұмыс бағыты анықталып, түзету жұмыстары жоспарланды.

Диагностикалық жұмыс

Қыркүйек айында оқушыларға және жаңадан келген оқушыларға толық диагностика жүргізілді. Жыл бойы оқушылардың танымдық және оқу дағдыларының даму динамикасы бақылауда болды. Түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелілігі сараланып, білім деңгейіндегі оң өзгерістер тіркелді.

Түзете-дамыту жұмыстары

Бекітілген кесте бойынша жеке және топтық сабақтар жүйелі түрде өткізілді.

Жұмыс барысында:

- танымдық процестер (зейін, ес, ойлау) дамытылды
- ұсақ және жалпы моторика жетілдірілді
- сөйлеу және қарым-қатынас дағдылары қалыптастырылды
- оқушылардың сабаққа қызығушылығы арттырылды

Әр оқушыға жеке дамыту бағдарламасы құрылып, соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Әдістемелік жұмыс

Педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестік отырыстарына, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысу жүзеге асырылды. Психолог, логопед мамандарымен тығыз байланыс орнатылды. Арнайы әдебиеттермен жұмыс жүргізіліп, дидактикалық материалдар қоры толықтырылды.

«АРНАЙЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМДЫҚ ОРТАҒА КІРІКТІРУ БАРЫСЫНДА ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР

Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет) және №7 арнайы түзету мектеп-интернатының ұйымдастыруымен 2022 жылдың 27 қазан күні «Арнайы білім мен тәрбиені қажет ететін балаларды қоғамдық ортаға кіріктіру барысында еңбекке баулудың әдіс-тәсілдері мен технологиялары» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

Қатысқандар: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының маманы, мектеп-интернат басшысы, ПМПК басшысы, логопедтер, пән мұғалімдері.

Семинардың мақсаты: Білім алушылардың оқу-еңбек іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды игеруге және дене мүмкіндіктерін ескеріп, өз бетімен еңбек етуге даярлау.

Семинар барысында дефектолог Есім Инабат «Түзету сабақтарында қолданылатын ресурстардың маңыздылығы» (Оның ішінде Монтесорри әдістемесі бойынша) тақырыбында практикалық іс-тәжірибемен бөлістім.



<https://www.facebook.com/share/p/1JX8pRNrf4/?mibextid=wwXlfr>

«Тіл әлемінде» түзету пәндері апталығы 2023 жылдың 13 мен 17 наурыз аралығында өткізілді.

13.02.23 ж. Түзету пән бірлестік мұғалімдер апталықтың ашылуында логоритмикалық жаттығулары, нейрогимнастика жаттығулары, «Қоян және оның сиқырлы жұлдызшасы» атты қуыршақ театры ұйымдастырылды. Түзетедамытуға арналған қызықты ойындар жүргізіліп, «Тіл әлемінде» сайысы мектеп оқушыларымен өткізілді.

Мақсаты: сөйлеу тілі дамымаған оқушыларды дұрыс тыныс алуға, саусақ пен қолдың қимылдарын дамытуға, бірлесіп жұмыс жасауға, танымдық процестерін дамытуға (қабылдау, зейін, ойлау, қиялдау), сөйлеу тілі аппаратының қимылын арттыруға үйрету.



15.02.2023 ж № 7 мектеп интернатының түзету пән бірлестігінің логопед маманы Сейтман Гүлназ бен арнайы педагог Есім Инабат «Ойна да, ойлан» атты мұғалімдер арасында сайыс өткізді. Бұл сайысты өткізудегі негізгі мақсаты – оқушылармен қатар мұғалімдер арасында пікір алмасып, бой сергітіп, қызығушылық ояту.

Сайыс басында мұғалімдер өз ойларын суретпен жеткізу арқылы «Алып қадамдар» әдісін жасап, «Фонарик» әдісі арқылы топтарға бөлінді. «Поле чудес» кезеңі бойынша түрлі сұрақтарға жауап беріп, әр топ өз банкоматтарына ақша жинады. Әрбір топ «Сиқырлы жәшік» кезеңінде тактильді дамытуға арналып жасалынған заттарды ретімен тауып, тапқырлық көрсете білді. «Ой қозғау» кезеңі бойынша әр түрлі ұяшықтар ішінен әр топ бір-бірден таңдап, жауап беріп, пікір алмасты. «Бірлік» кезеңінде топ мүшелері бірлігін көрсете алды. Шыныға сурет салып, шығармашылық қабілеттері мен қатар сөз мәнерімен оны таныстырып өтті. Сайыс соңында мұғалімдер алған әсерлерін, есте сақтап қалған сұрақтарын «Тик-ток» әдісі арқылы ортаға салды. Барлық топтарға көрнекілік таратылып, сайыс өз мәресіне жетті.

<https://www.facebook.com/share/p/18V9weHJeh/?mibextid=wwXIfr>

16.02.23 ж. 2 «А» Есім Инабат сынып оқушысымен «Үй құстары» тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Сабақтың мақсаты: Үй құстарымен таныстыру. Үй құстарын бір-бірінен ажыратуға, дұрыс атай білуге үйрету. Ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін арттыру, дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру.

Сабақ басында психологиялық дайындық жасалып, үйректі суға жүзгізу арқылы тыныс алу жаттығуы орындалды. Екі жақты бірдей қабылдау, жұмыс жасауды дамыту мақсатында нейрोगимнастикалық жаттығу жасалды. Үй терезесінен жасырын түрде үй құстарын біртіндеп шығару арқылы жаңа сабақ басталды. Үй құстарының адам өміріндегі пайдасы, күтімі, балапандары, дыбыстауы туралы толық ақпарат берілді. Көру, ойлау, қабылдау процестерін дамыту үшін "Балапан жұмыртқасы" танымдық тапсырмасы орындалды. Одан әрі балапандарды қоректендіріп, ақ түсті балапандарды сары түсті балапанға айналдырып сергіту сәті орындалды. Мнематикалық кесте бойынша оқушы өзі Үй құстарын сипаттап, "Геоборд" әдісі бойынша түстер мен пішіндерді және үй құстарының балапандарын сәйкестендірді. Сабақ "Фонарик" әдісі бойынша қорытындыланды. Сабақ соңында әр кезеңде берілген парақшалардан сюжетті сурет шығарды. Оқушы тақырыпты толық меңгеріп, кері байланыс жақсы жасады.

<https://www.facebook.com/share/14WiyvSPhsf/?mibextid=wwXIfr>



Жетістігі: Мұғалім сабағында көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. Оқушының деңгейіне сай тапсырмалар берілді. Сұрақ – жауап әдісімен оқушымен ынтымақтаса отырып, тақырыптың мазмұнын ұтымды аша білді.

Кеңес беру және ағартушылық жұмыс

Педагогтармен және ата-аналармен жеке кеңес беру, жиналыстар өткізу, баламен үй жағдайында жұмыс жүргізу бойынша ұсыныстар беру жұмыстары жыл бойы жүргізілді.

15.03.23 ж. «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс нәтижелілігі» тақырыбында ашық есік күні өтілді.

«Білім алушыларға түзету көмектің әдіс-тәсілдерін бірлесіп орындау» тақырыбында түзету пән бірлестігі ата-анаға кеңес берді. Дефектолог Есім Инабат «Үй жағдайында жасалатын баламен жұмыс түрлері» тақырыбында іс-тәжірибие жүзінде жаттығуларды көрсетті.



Өткізілген күні: 12.10.2022 жыл

Баяндама тақырыбы: «Үй жағдайында жасалатын жаттығулар мен ойындарды уақытылы жүргізудің пайдасы»

Қатысушылар: Бастауыш сынып ата-аналары мен оқушылары

Өткізілу барысы:

Дефектолог баяндама барысында үй жағдайында орындалатын жаттығулар мен ойындардың бала дамуына тигізетін маңызы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар ата-аналарға баламен жүйелі және уақытылы жұмыс жүргізудің қажеттілігі айтылды.

Үй жағдайында орындалатын жаттығулар мен ойындарды уақытылы жүргізу балаға келесі бағыттарда оң әсерін тигізетіні атап өтілді:

- баланың сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді;

- зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін арттырады;
- ойлау және қиялдау қабілеттерін дамытады;
- ұсақ және жалпы моториканы жетілдіреді;
- ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтады;
- баланың өзіне деген сенімділігін арттырады;
- оқу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Баяндама барысында ата-аналарға үйде қолдануға болатын қарапайым ойындар мен жаттығулар көрсетілді. Атап айтқанда: «Сөзді жалғастыр», «Артық затты тап», «Сурет бойынша әңгіме құра», «Саусақ ойындары», «Құрастыру және мозайка» сияқты тапсырмалар тәжірибе жүзінде таныстырылды.

Қорытынды:

Ата-аналарға балаларымен күнделікті қысқа уақыт ішінде (10–15 минут) жүйелі түрде жұмыс жүргізу ұсынылды. Уақытылы және тұрақты орындалған жаттығулар баланың жан-жақты дамуына және мектептегі оқу жетістіктерінің артуына оң әсерін тигізетіні түсіндірілді.

Өткізілген күні: 13.12.2022 жыл

Баяндама тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда арттерапияның рөлі»

Қатысушылар: ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар, сынып жетекшілері және ата-аналар

Өткізілу барысы:

Дефектолог арттерапияның мәні мен оның ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дамытудағы маңыздылығы туралы түсіндірді. Арттерапия – бұл баланың ішкі сезімін, эмоциясын шығармашылық арқылы (сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, музыка, театр элементтері) жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс екені айтылды.

Арттерапиялық жаттығуларды жүйелі түрде қолдану балаларға келесі бағыттарда оң әсерін тигізетіні атап өтілді:

- баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандырады;
- қорқыныш пен мазасыздық деңгейін төмендетеді;
- өзін-өзі еркін білдіруге мүмкіндік береді;
- сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамытады;

- шығармашылық қабілеттерін ашады;
- ұсақ моторикасын жетілдіреді;
- өзіне деген сенімділігін арттырады.

Баяндама барысында дефектолог арттерапия элементтерін тәжірибе жүзінде көрсетіп, қатысушылармен бірге орындады. Атап айтқанда: «Еркін сурет», «Түстер арқылы көңіл-күйді бейнелеу», «Күммен сурет салу», сияқты жаттығулар таныстырылды.

Қорытынды:

Мұғалімдер мен ата-аналарға арттерапиялық әдістерді сабақ барысында және үй жағдайында жүйелі түрде қолдану ұсынылды. Арттерапия балалардың психоэмоционалдық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және оқу процесіне белсенді қатысуына оң ықпал ететіні атап өтілді.

Өткізілген күні: 18.01.2023 жыл

Баяндама тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың танымдық процестерді түзете-дамыту жұмыстарының маңызы»

Қатысушылар: ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар, сынып жетекшілері және ата-аналар

Өткізілу барысы:

Дефектолог баяндама барысында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиял) дамыту мен түзетудің маңыздылығы туралы түсіндірді. Танымдық процестердің жеткілікті деңгейде дамымауы баланың оқу материалын меңгеруіне, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына кері әсер ететіні атап өтілді.

Түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болатыны айтылды:

- зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануы артады;
- есте сақтау қабілеті жақсарады;
- ойлау операциялары (салыстыру, талдау, жинақтау) дамиды;
- қабылдау процесі жетіліп, ақпаратты дұрыс түсінуі қалыптасады;
- танымдық белсенділігі артады;
- оқу дағдыларының қалыптасуына негіз қаланады;
- өз бетінше жұмыс жасау қабілеті дамиды.

Баяндама барысында арнайы педагог түзете-дамытуға арналған жаттығуларды тәжірибе жүзінде көрсетті. Атап айтқанда: «Артық затты тап», «Суреттерді салыстыр», «Есте сақта және қайтала», «Логикалық тізбек құрастыр», «Қателікті тап» сияқты тапсырмалар орындалды.

Қорытынды:

Мұғалімдер мен ата-аналарға танымдық процестерді дамытуға бағытталған жаттығуларды жүйелі түрде сабақта және үй жағдайында қолдану ұсынылды. Түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігі тұрақтылық пен жүйелілікке байланысты екені атап өтілді. Бұл жұмыстар балалардың оқу жетістіктерін арттыруға және әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізеді.

Өткізілген күні: 15.03.2023 жыл

Баяндама тақырыбы: «Тыныс алу және саусақ жаттығуларын жасаудың маңызы»

Қатысушылар: 3 сынып оқушылары, сынып жетекшілері

Өткізілу барысы:

Дефектолог баяндама барысында тыныс алу және саусақ жаттығуларының бала дамуына тигізетін әсері мен маңыздылығы туралы түсіндірді. Бұл жаттығулардың әсіресе сөйлеу тілін дамытуда, ұсақ моториканы жетілдіруде және жалпы психофизиологиялық жағдайды жақсартуда тиімді екені атап өтілді.

Тыныс алу және саусақ жаттығуларын жүйелі түрде орындау балаларға келесі бағыттарда оң әсерін тигізеді:

- сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;
- тыныс алу жүйесін нығайтып, дұрыс тыныс алуды қалыптастырады;
- ұсақ моториканы дамытады;
- ми қызметін белсендіреді;
- зейін мен есте сақтау қабілеттерін арттырады;
- шаршауды азайтып, жұмысқа қабілеттілігін арттырады;
- эмоционалдық жағдайын тұрақтандырады.

Баяндама барысында арнайы педагог тыныс алу және саусақ жаттығуларын тәжірибе жүзінде көрсетіп, қатысушылармен бірге орындады. Атап айтқанда: «Шамды үрлеу», «Гүлді иіскеу», «Қағазды үрлеу» сияқты тыныс алу жаттығулары және «Саусақ театры», «Саусақпен санау» сияқты саусақ жаттығулары таныстырылды.

Қорытынды:

Мұғалімдерге тыныс алу және саусақ жаттығуларын күнделікті 5–10 минут жүйелі түрде қолдану ұсынылды. Бұл жаттығулар балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға, зейінін арттыруға және жалпы дамуына оң әсерін тигізетіні айтылды.

Өткізілген күні: 27.04.2023 жыл

Баяндама тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда ұсақ қол моторикасымен жұмыстың рөлі»

Қатысушылар: ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар, сынып жетекшілері және ата-аналар

Өткізілу барысы:

Дефектолог ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстарының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың танымдық қабілеттерін жетілдірудегі маңызы туралы түсіндірді. Ұсақ моториканың дамуы мен сөйлеу, ойлау, зейін, есте сақтау процестерінің өзара тығыз байланысты екені атап өтілді.

Ұсақ қол моторикасымен жүйелі түрде жұмыс жүргізу балаларға келесі бағыттарда оң әсерін тигізеді:

- зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануын арттырады;
- есте сақтау және қабылдау қабілеттерін жақсартады;
- ойлау процестерін дамытады;
- сөйлеу тілінің қалыптасуына ықпал етеді;
- қолдың икемділігі мен үйлесімділігін арттырады;
- жазуға дайындық дағдыларын қалыптастырады;
- шығармашылық белсенділігін дамытады.

Баяндама барысында арнайы педагог ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығуларды тәжірибе жүзінде көрсетіп, қатысушылармен бірге орындады. Атап айтқанда:

«Саусақ ойындары», «Мозайка құрастыру», «Қиып-жапсыру», «Пластинмен жұмыс», «Моншақ тізу», «Құммен ойнау» сияқты тапсырмалар таныстырылды.

Қорытынды:

Мұғалімдер мен ата-аналарға ұсақ қол моторикасын дамытуға бағытталған жаттығуларды күнделікті және жүйелі түрде қолдану ұсынылды. Бұл

жұмыстар балалардың танымдық қабілеттерін арттыруға, оқу дағдыларын қалыптастыруға және жалпы дамуына оң әсерін тигізетіні атап өтілді.

Өзін-өзі дамыту

Жыл бойы біліктілікті арттыру бағытында жұмыс жүргізілді. Арнайы әдебиеттер оқылып, жаңа әдіс-тәсілдер меңгерілді, кәсіби құзыреттілік арттырылды.


2022 жылы «BILIM BZH» Ұлттық біліктілікті арттыру және қайта даярлау әдістемелік даму институты «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім берудің әдістемесі» тақырыбында 105 сағат көлемінде курс оқыдым.



Арнайы педагог А.Дәуітованың 2022-2023 оқу жылында түзету жұмыстарын жүргізу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері

Оқу жылы басында мектеп оқушылары диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша 3 деңгейге (жоғары, орташа, төмен) бөлінді.

Түзету сабағына қатысатын оқушылар деңгейлері бойынша жалпы динамикасы



Түзету сабағына қатысатын оқушылар саны — 54.

| Деңгей/Кезендер | Қыркүйек | Желтоқсан | Мамыр |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| I деңгей | 7 оқушы - 13 % | 9 оқушы - 17% | 10 оқушы - 19 % |
| II деңгей | 20 оқушы - 37 % | 22 оқушы - 41 % | 24 оқушы - 44 % |
| III деңгей | 27 оқушы - 50 % | 23 оқушы - 42 % | 20 оқушы – 37 % |

II деңгейден 3 оқушы I деңгейге ауысты.

III деңгейден 7 оқушы II деңгейге ауысты.

Түзету жұмыстары нәтижесінде I деңгейдегі 2 оқушы түзету сабағынан шығарылды.